

**Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округінің Екінші құдық нүктесіндегі " Оразғали" шаруа қожалығы аумағында карантин белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қазанда № 6411 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округі әкімінің 26.11.2019 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2019 жылғы 18 қыркүйектегі № 2-12-4/152 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданының Құмсай ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округінің Екінші құдық нүктесіндегі " Оразғали" шаруа қожалығы аумағында мүйізді ірі қара малдары арасынан қарасан ауруының анықталуына байланысты карантин белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданы Құмсай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*А. Тугыров*

